

"Асыл тұқымды мал және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін іске асыру қағидаларын бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 69 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың 30-тармағына (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған "Асыл тұқымды мал және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін іске асыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасы Төрағасының міндетін
уақытша атқарушы*

В. Назаренко

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2022 жылғы 26 сәуірдегі
№ 69 шешімімен
БЕКІТІЛДІ

"Асыл тұқымды жануарлар және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін іске асыру ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар "Асыл тұқымды жануарлар және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін (бұдан әрі – жалпы процесс) іске асыруға қойылатын талаптарды, құзыретіне асыл тұқымды мал шаруашылығы мәселелері жататын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары (бұдан әрі тиісінше – уәкілетті органдар, мүше мемлекеттер, Одақ) және Еуразиялық экономикалық комиссия) жүзеге асыратын функцияларды, олардың арасында ақпарат алмасу тәртібін, жалпы процесті іске асыру кезінде берілетін және жарияланатын ақпараттың құрамын айқындайды.

2. Осы Қағидалар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт), 2019 жылғы 25 қазандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы жануарларымен селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жүргізуді біріздендіруге бағытталған шаралар туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) ережелеріне сәйкес, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 132 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ мүшелер мемлекеттер арасында айырбастауға жататын асыл тұқымды жануарлар мен селекциялық жетістіктер туралы мәліметтер құрамын ескере отырып әзірленді.

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"асыл тұқымды жануарлар және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер туралы дерекқор" – асыл тұқымды мал туралы дерекқордан және селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан тұратын жалпы ақпараттық ресурс;

"асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқор" – мүше мемлекеттер арасында өткізілетін асыл тұқымды жануарлар және олардың асыл тұқымдық өнімі (материалы) туралы мәліметтерді қамтитын жалпы ақпараттық ресурс;

"селекциялық жетістіктер туралы дерекқор" – мүше мемлекеттердің аумақтарында өсірілетін ауыл шаруашылығы жануарларының тұқымдары, типтері, желілері мен кросстары, олардың сипаттамалары және өсіру орындары туралы мәліметтерді қамтитын жалпы ақпараттық ресурс;

"мүдделі тұлғалар" – мүше мемлекеттердің аумақтарында қызметін жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер, талдау орталықтары, асыл тұқымдық шаруашылықтар, мал шаруашылығы өнімін өндірушілер, сондай-ақ асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан алынған мәліметтерді және өз қызметіндегі селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан алынған мәліметтерді пайдаланатын жеке тұлғалар;

"ұлттық ақпараттық ресурстар" – уәкілетті органдар қалыптастыратын және жүргізетін асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді және селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық ресурстар;

"асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтер" – асыл тұқымды жануарлар және селекциялық жетістіктер туралы дерекқорда қамтылған асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтер;

"селекциялық жетістіктер туралы мәліметтер" – асыл тұқымды жануарлар мен селекциялық жетістіктер туралы дерекқорда қамтылған селекциялық жетістіктер туралы мәліметтер.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Шартта және Келісімде айқындалған мағыналарда қолданылады.

II. Жалпы процесті іске асырудың мақсаттары мен міндеттері

4. Жалпы процесті іске асырудың мақсаттары:

а) ұсынылатын мәліметтердің сапасын арттыру және олардың анықтығына қосымша кепілдіктерді қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттердің асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтер және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер туралы мәліметтер алмасу бөлігінде өкілеттіктерін іске асыруы үшін жағдайлар жасау;

б) Одақ аумағында өсірілетін ауыл шаруашылығы жануарларының тұқымдары, типтері, желілері мен кросстары, олардың сипаттамалары және өсіру орындары туралы мал шаруашылығы өнімін өндірушілер мен өзге де мүдделі тұлғалардың хабардар болуын арттыру есебінен асыл тұқымды өнімнің өзара сауда көлемін ұлғайту болып табылады.

5. Мақсаттарға қол жеткізу мынадай міндеттерді шешу есебінен қамтамасыз етіледі :

а) уәкілетті органдар ұсынатын ұлттық ақпараттық ресурстардан алынған ақпарат негізінде Комиссияның асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорды және селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды құруы, қалыптастыруы және жүргізуі;

б) сұрау салу бойынша уәкілетті органдардың асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан және селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан автоматты режимде ақпарат алуын қамтамасыз ету;

в) осы Қағидалардың 10 және 11-тармақтарына сәйкес Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерге және селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету.

III. Жалпы процеске қатысушылар

6. Жалпы процеске қатысушылар:

а) уәкілетті органдар;

б) Комиссия;

в) мүдделі тұлғалар.

7. Жалпы процесті іске асыру шеңберінде уәкілетті органдар мынадай функцияларды жүзеге асырады:

а) ұлттық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру және жүргізу;

б) асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорды және селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру үшін Комиссияға ұлттық ақпараттық ресурстардан мәліметтер ұсыну;

в) сұрау салу бойынша асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтер және селекциялық жетістіктер туралы мәліметтер алу.

8. Жалпы процесті іске асыру шеңберінде Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

а) уәкілетті органдар ұсынатын ұлттық ақпараттық ресурстардан алынған мәліметтер негізінде асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорды және селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу;

б) Одақтың ақпараттық порталында селекциялық жетістіктер туралы жаңартылған мәліметтерді жариялау;

в) уәкілетті органдарға сұрау салу бойынша асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді және селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді ұсыну;

г) мүдделі тұлғаларға Одақтың ақпараттық порталында асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді және селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді іздеу, алу және өңдеу сервистерін ұсыну.

IV. Ақпараттық ресурстар мен сервистер

9. Мүдделі тұлғалардың асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерге және селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерге қол жеткізуі осы Қағидалардың 10 және 11-тармақтарына сәйкес Одақтың ақпараттық порталының электрондық сервистері арқылы жүзеге асырылады.

10. Асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерге қол жеткізу асыл тұқымдық өнімді өткізу процесіне қатысатын мүдделі тұлғалар үшін ғана қамтамасыз етіледі және асыл тұқымды жануардың сәйкестендіру нөмірі бойынша не асыл тұқымдық өнім партиясының сәйкестендіргіші бойынша ақпаратты іздеуді және ұсынуды қамтамасыз ететін Одақтың ақпараттық порталының электрондық сервисі арқылы іске асырылады. Ақпарат № 1 қосымшаға (1 - 22-кестелер) сәйкес мәліметтер құрамына сәйкес ұсынылады.

11. Селекциялық жетістіктер туралы мәліметтер осы Қағидаларға № 1 қосымшада (23-кесте) келтірілген мәліметтер құрамына сәйкес Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

Селекциялық жетістіктер туралы мәліметтер барлық мүдделі тұлғалар және Одақтың ақпараттық порталын пайдаланушылар үшін ашық және қолжетімді болып табылады, онда мынадай электрондық сервистер ұсынылған:

мәліметтерді іздеу, сұрыптау және сүзгіден өткізу үшін деректемелерді қамтитын сұрау салу нысанына сәйкес селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді іздеу және ұсыну;

шаруашылықтың байланыс деректері, табын өнімділігінің орташа көрсеткіштері көрсетілген, белгілі бір тұқымның (типтің, желінің, кросстың) асыл тұқымды жануарларын өсіруді жүзеге асыратын шаруашылықтардың орналасуы көрсетілген интерактивті карта;

селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді жаңартуға жазылуды ресімдеу;

Одақтың ақпараттық порталында жарияланған селекциялық жетістіктер туралы мәліметтердің белгілі бір форматтарда түсірілуін қамтамасыз ету;

Одақтың ақпараттық порталында жарияланған мүдделі тұлғалардың сыртқы ақпараттық жүйелерінің сұрау салуы бойынша селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді бағдарламалық интерфейстерді пайдалана отырып автоматтандырылған өңдеу үшін ұсыну.

V. Ақпараттық өзара іс-қимылдың ерекшеліктері

12. Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - интеграцияланған жүйе) арқылы жүзеге асырылады.

13. Мүдделі тұлғалардың сұрау салулары бойынша асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді және селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді ұсыну Одақтың ақпараттық порталы арқылы жүзеге асырылады.

14. Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде электрондық хабарлардың форматы мен құрылымы интеграцияланған жүйе арқылы жалпы процесті іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттардың (бұдан әрі - технологиялық құжаттар) талаптарына сәйкес айқындалады.

15. Жалпы процесті іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл № 2 қосымшаға сәйкес функционалдық схемаларға сәйкес жүзеге асырылады.

16. Уәкілетті органдар арасында, сондай-ақ уәкілетті органдар мен Комиссия арасында берілетін мәліметтердің құрамы осы Қағидаларға № 1 қосымшада ұсынылған.

17. Уәкілетті органдар мен Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылы орыс тілінде жүзеге асырылады.

VI. Жалпы процесті іске асыру жөніндегі іс-шаралар

18. Комиссия технологиялық құжаттарды әзірлейді және оларды бекітеді.

19. Комиссия уәкілетті органдар ұсынған мәліметтерді алуды және сақтауды және мұндай мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді.

20. Уәкілетті органдар технологиялық құжаттар талаптарының орындалуын қамтамасыз ету үшін тиісті ақпараттық жүйелерді әзірлеуді (пысықтауды) және оларды интеграцияланған жүйенің ұлттық сегменттеріне қосуды қамтамасыз етеді.

21. Жалпы процесті қолданысқа енгізу рәсімінің орындалуын үйлестіруді, жалпы процесті іске асыру мониторингі мен нәтижелерін талдауды Комиссия жүзеге асырады.

"Асыл тұқымды жануарлар
және асыл тұқымды мал
шаруашылығы саласындағы
селекциялық жетістіктер
туралы дерекқорды

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен
Еуразиялық экономикалық комиссия арасында асыл тұқымды жануарлар және асыл
тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды
қалыптастыру, жүргізу және пайдалану кезінде берілетін мәліметтердің ҚҰРАМЫ**

1. Осы құжат асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы асыл тұқымды жануарлар және селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану кезінде уәкілетті органдар мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасында электрондық түрде берілетін мәліметтердің құрамын айқындайды.

2. Технологиялық құжаттарды әзірлеу кезеңінде мәліметтердің құрамы нақтыланады, сондай-ақ электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматы мен құрылымы айқындалады.

3. Жалпы процесті іске асыру шеңберінде құрамы 1 - 23-кестелерде келтірілген мәліметтер беріледі.

4. Кестелерде мынадай жолдар (бағандар) қалыптастырылады:

"элементтің атауы" - элементтің реттік нөмірі және орныққан немесе ресми сөзбен белгіленуі;

"элементтің сипаттамасы" - элементтің мағынасын (семантикасын) түсіндіретін мәтін;

"ескертпе" - элементтің мақсатын нақтылайтын, оны қалыптастыру (толтыру) қағидаларын айқындайтын мәтін немесе элементтің ықтимал мәндерінің сөзбен сипатталуы;

"көпт." – элементтердің көптігі (міндеттілік (опционалдық) және элементтің ықтимал қайталану саны).

5. Берілетін деректер элементтерінің көптігін көрсету үшін мынадай белгілемелер пайдаланылады:

1 – элемент міндетті, қайталауға жол берілмейді;

1..* – элемент міндетті, шектеусіз қайталануы мүмкін;

0..1 – элемент опционалды, қайталауға жол берілмейді;

0..* – элемент опционалды, шектеусіз қайталануы мүмкін.

1-кесте

**Асыл тұқымды жануарлар және олардың асыл тұқымдық өнімі (материалы) туралы
мәліметтердің құрамы**

Элементтің атауы	Элементтің сипаттамасы	Ескертпе	Көпт.
		элемент:	

1. Жүк жөнелтуші	жөнелтуші ұйым және оның орналасқан жері туралы мәліметтер	жөнелтуші ұйымның атауын; жөнелтуші ұйымның мекенжайын көрсетуге арналған	1
2. Жүк алушы	алушы туралы мәліметтер	элемент: алушы заңды тұлғаның атауын немесе алушы жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын ; алушының мекенжайын көрсетуге арналған	1
3. Асыл тұқымдық өнімнің түрі	өткізілетін асыл тұқымды жануардың немесе асыл тұқымдық өнім (материал) партиясының түрі туралы мәліметтер	элемент: асыл тұқымдық өнім түрін (асыл тұқымдық өнім түрінің кодтық белгілемесі); өнімділік бағытны (бар болса, асыл тұқымды жануарлар үшін толтырылады) көрсетуге арналған	0..1
4. Асыл тұқымды жануар немесе асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) партиясы	өткізілетін асыл тұқымды жануар немесе асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) партиясы туралы мәліметтер	элемент осы қосымшаның 2 – 22-кестелеріне сәйкес салынған құрылымды қамтиды	1..*
5. Партия сәйкестендіргіші	асыл тұқымдық өнім партиясының сәйкестендіргіші		0..1

2-кесте

Сүтті өнімділік бағытындағы ірі қара малдың егжей-тегжейлі сипаттамасы

Элементтің атауы	Элементтің сипаттамасы	Ескертпе	Көпт.
1. Лақап аты	асыл тұқымды жануардың толық лақап аты	тұқымдық бұқалар үшін көрсетіледі	0..1
2. Тұқымның атауы	асыл тұқымды жануардың тұқымы және тұқымдылығы туралы мәліметтер	элемент: тұқымның атауын (ауыл шаруашылығы жануары тұқымының кодтық белгілемесі); пайыздық қатынастағы тұқымға тиістілігін көрсетуге арналған	1..*
3. Туған күні	асыл тұқымды жануардың туған күні	туған күні, айы, жылы көрсетіледі	1
4. Жынысы	асыл тұқымды жануардың жынысы	элемент асыл тұқымды жануардың жынысын ықтимал мәндерімен көрсетуге арналған:	1

		М – еркек; F – ұрғашы	
5. Сәйкестендіру нөмірі	асыл тұқымды жануарларды есепке алу тізіліміндегі асыл тұқымды жануардың сәйкестендіру нөмірі		1
6. Түсі	асыл тұқымды жануардың түсі	элемент ықтимал мәндері бар асыл тұқымды жануардың түсін көрсетуге арналған: B&W – кара-ала; R&W – қызыл-ала; B/R – негізінен кара-ала, бірақ денесінің жеке бөліктері (құлақ, мұрын, арқа) белгілі бір қызғылт түске ие; W/B – негізінен ақ, бірақ денесінің кейбір бөліктерінде кара дақтар бар; G – сұр; RN – сұрғылт; BC – қоңыр; AB – тегіс кара; AR – тегіс қызыл; AW – тегіс ақ; өзгесі Қолайлы белгілеме (өзге) болмаған жағдайда түсінің атауы толық көрсетіледі	1
7. Туған жері	асыл тұқымды жануардың туған жері туралы мәліметтер	элемент: туған кезде осы жануарға иелік ететін ұйымның толық атауын не жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса); иесінің мекенжайын көрсетуге арналған	1
8. Меншік иесі	асыл тұқымды жануардың меншік иесі туралы мәліметтер	элемент: сату кезінде осы жануарға меншік құқығы бар ұйымның толық атауын не жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса); меншік иесінің мекенжайын көрсетуге арналған	1

9. Рецессивті гендер	генетикалық детерминирленген аурулары, генетикалық ауытқулары және асыл тұқымды жануар сүті ақуыздары гендерінің полиморфизмі туралы мәліметтер	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 2 маусымдағы № 74 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің асыл тұқымдық өніміне молекулярлық генетикалық сараптама жүргізу туралы ережеге сәйкес жүргізілген зертханалық зерттеулер нәтижесінде анықталған генетикалық детерминистік ауруларды , генетикалық ауытқуларды және сүт ақуыздары гендерінің полиморфизмдерін білдіретін аббревиатуралардың тізбесі көрсетіледі	0..1
10. Алу тәсілі	асыл тұқымды жануарды алу тәсілі	элемент ықтимал мәндері бар асыл тұқымды жануарды алу тәсілін көрсетуге арналған: ET – эмбриотрансплантат (қалыпты); ETM – әр түрлі манипуляциялар арқылы алынған эмбрион трансплантаты (эмбрионды бөлу, клондау); ETA – ересек жануарды клондау жолымен алынған эмбрион трансплантаты; AI – қолдан ұрықтандыру ; NI – қолмен шағылыстыру; MB – көптеген тұқымдар MBM – аралас типтегі көптеген тұқымдар; TW – егіз; TRI – үшем; өзгесі	1
		элемент тұқымдық бұқаға қатысты төлдеу жеңілдігі	

11. Төлдеу жеңілдігі индекстері	тұқымдық бұқаға арналған төлдеу жеңілдігі индекстері туралы мәліметтер	индекстерінің мәндерін көрсетуге арналған: осы тұқымдық бұқаның шәу еті мен ұрықтандырылған сиырлар мен құнажындар ; одан туған ұрғашылары	0..*
12. Экстерьерді бағалау	асыл тұқымды жануардың экстерьерін бағалау	элемент асыл тұқымды жануардың экстерьерін ықтимал мәндерімен бағалауды көрсетуге арналған: EX – үздік (90 - 100 балл) ; VG – өте жақсы (85-89 балл); GP – жақсы плюс (80-84 балл); G – жақсы (75 – 79 балл); F – қанағаттанарлық (65 – 74 балл); P – нашар (50 – 64 балл)	1
13. Өз өнімділігінің абсолюттік көрсеткіштері	асыл тұқымды жануардың өз өнімділігінің абсолюттік көрсеткіштері туралы мәліметтер	төменде келтірілген екі деректеменің біреуі толтырылады	1
13.1. Жас және тұқымдық бұқалар үшін көрсеткіштер	жас және тұқымдық бұқалар үшін өз өнімділігінің абсолюттік көрсеткіштері туралы мәліметтер	элемент: тірі массасын (кг); жасын (жылы, айы, күні көрсетілген) көрсетуге арналған	0..1
13.2. Сиырларға арналған көрсеткіштер	сиырлар үшін өз өнімділігінің абсолюттік көрсеткіштері туралы мәліметтер	элемент ең жоғары лактацияның 305 күнінде (немесе аяқталмаған лактация кезеңінде) анықталған мынадай көрсеткіштерді көрсетуге арналған: сауу (кг-мен); аяқталмаған лактацияның ұзақтығы (күндермен) (аяқталған лактация болмаған жағдайда көрсетіледі); сүт майының құрамы (пайызбен) ; сүт ақуызының құрамы (пайызбен); сүт майының шығымы (кг);	0..1

		сүт ақуызының шығымы (кг)	
14. Асыл тұқымдық құндылық индексі	асыл тұқымды жануардың асыл тұқымдық құндылығының жалпы және жеке индекстері	элемент асыл тұқымды жануардың асыл тұқымдық құндылығының индекстерін көрсетуге арналған: жалпы (кешенді); жеке	1
15. Жануардың тұқым-тегі	асыл тұқымды жануардың тұқым-тегі туралы мәліметтер	элемент ата-енесінің кемінде үш буынына қатысты асыл тұқымды жануардың тұқым-тегін көрсетуге арналған: Ата-енесінің 1-буыны: мәліметтер осы кестенің 2, 3, 5, 6, 9 – 13 (егер алу тәсілінің мәні (осы кестенің 10-тармағы) ЕТ, ЕТМ немесе ЕТА мәндеріне сәйкес келсе толтырылады) 14-тармақтарға сәйкес көрсетіледі; пробанд ата-енелерінің 2-ші ұрпағы (атасы мен енесі): мәліметтер осы кестенің 2, 3, 5, 6, 9 – 14-тармақтарға сәйкес көрсетіледі; пробанда ата-енелерінің 3-ұрпағы (арғы ежелері мен аталары): осы кестенің 2, 5-тармақтарына сәйкес мәліметтер көрсетіледі	1..*
		элемент мынадай өсімін молайтушы туралы ақпаратты көрсетуге арналған: лақап аты; асыл тұқымды жануарларды есепке алу тізіліміндегі тұқымдық бұқаның сәйкестендіру нөмірі; ұрықтандыру күні; осы кестенің 9-тармағына сәйкес тұқымдық бұқаның рецессивті гендері;	

16. Өсімін молайтушы	асыл тұқымды жануардың өсімін молайтушысы туралы мәліметтер	<p>асыл тұқымды жануарларды есепке алу тізіліміндегі тұқымдық бұқаның ата-енесінің сәйкестендіру нөмірлері; тұқымдық бұқаның енесінің өнімділігінің абсолюттік көрсеткіштері;</p> <p>тұқымдық бұқаның асыл тұқымдық құндылығының салыстырмалы көрсеткіштері; эмбриондарды ауыстырып салу күні (эмбриондар трансплантталған жағдайында көрсетіледі); эмбрионның ата-енесі туралы ақпарат (эмбриондар трансплантталған жағдайда көрсетіледі); мәліметтер осы кестенің 2, 3, 5, 6, 9 – 13 (егер алу тәсілінің мәні (осы кестенің 10-тармағы) ЕТ, ЕТМ немесе ЕТА мәндеріне сәйкес келсе толтырылады) 14-тармақтарына сәйкес көрсетіледі;</p> <p>сипаттамасы бар қосымша жол (жынысы бойынша бөлінген шәуетті ұрықтандыру үшін пайдаланған жағдайда, жолда "Sexed Semen, F (M)" жазбасы көрсетіледі)</p>	1
----------------------	---	---	---

3-кесте

Етті бағыттағы ірі қара малдың егжей-тегжейлі сипаттамасы

Элементтің атауы	Элементтің сипаттамасы	Ескертпе	Көпт.
1. Лақап аты	асыл тұқымды жануардың толық лақап аты	тұқымдық бұқалар үшін көрсетіледі	0..1
	асыл тұқымды жануардың тұқымы және	элемент: тұқымның атауын (ауыл шаруашылығы жануары	

2. Тұқымның атауы	тұқымдылығы туралы мәліметтер	тұқымының кодтық белгілемесі); пайыздық қатынаста тұқымға тиістілікті көрсетуге арналған	1..*
3. Туған күні	асыл тұқымды жануардың туған күні	туған күні, айы, жылы көрсетіледі	1
4. Жынысы	асыл тұқымды жануардың жынысы	элемент асыл тұқымды жануардың жынысын ықтимал мәндерімен көрсетуге арналған: М – еркек; F – ұрғашы	1
5. Сәйкестендіру нөмірі	асыл тұқымды жануарларды есепке алу тізіліміндегі асыл тұқымды жануардың сәйкестендіру нөмірі		1
6. Түсі	асыл тұқымды жануардың түсі	элемент ықтимал мәндері бар асыл тұқымды жануардың түсін көрсетуге арналған: B&W – кара-ала; R&W – қызыл-ала; B/R – негізінен кара-ала, бірақ денесінің жеке бөліктері (құлақ, мұрын, арқа) белгілі бір қызғылт түске ие; W/B – негізінен ақ, бірақ денесінің кейбір бөліктерінде кара дақтар бар; G – сұр; RN – сұрғылт; BC – қоңыр; AB – тегіс кара; AR – тегіс қызыл; AW – тегіс ақ; өзгесі. Қолайлы белгілеме (өзге) болмаған жағдайда түсінің атауы толық көрсетіледі	1
7. Туған жері	асыл тұқымды жануардың туған жері туралы мәліметтер	элемент: туған кезде осы жануарға иелік ететін ұйымның толық атауын не жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса);	1

		иесінің мекенжайын көрсетуге арналған	
8. Меншік иесі	асыл тұқымды жануардың меншік иесі туралы мәліметтер	элемент: сату кезінде осы жануарға меншік құқығы бар ұйымның толық атауын не жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса); меншік иесінің мекенжайын көрсетуге арналған	1
9. Рецессивті гендер	генетикалық детерминирленген аурулары, генетикалық ауытқулары және асыл тұқымды жануар сүті ақуыздары гендерінің полиморфизмі туралы мәліметтер	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 2 маусымдағы № 74 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің асыл тұқымдық өніміне молекулярлық генетикалық сараптама жүргізу туралы ережеге сәйкес жүргізілген зертханалық зерттеулер нәтижесінде анықталған генетикалық детерминистік ауруларды, генетикалық ауытқуларды және сүт ақуыздары гендерінің полиморфизмдерін білдіретін аббревиатуралардың тізбесі көрсетіледі	0..1
10. Алу тәсілі	асыл тұқымды жануарды алу тәсілі	элемент ықтимал мәндері бар асыл тұқымды жануарды алу тәсілін көрсетуге арналған: ЕТ – эмбриотрансплантат (қалыпты); ЕТМ – әр түрлі манипуляциялар арқылы алынған эмбрион трансплантаты (эмбрионды бөлу, клондау); ЕТА – ересек жануарды клондау жолымен алынған эмбрион трансплантаты;	1

		<p>AI – қолдан ұрықтандыру ;</p> <p>NI – қолмен шағылыстыру;</p> <p>MB – көптеген тұқымдар</p> <p>MBM – аралас типтегі көптеген тұқымдар;</p> <p>TW – егіз;</p> <p>TRI – үшем;</p> <p>өзгесі</p>	
11. Асыл тұқымдық құндылық индексі	<p>асыл тұқымды жануардың асыл тұқымдық құндылығының жалпы және жеке индекстері</p>	<p>элемент асыл тұқымды жануардың асыл тұқымдық құндылығының индекстерін көрсетуге арналған:</p> <p>жалпы (кешенді);</p> <p>жеке</p>	1
12. Жануардың тұқым-тегі	<p>асыл тұқымды жануардың тұқым-тегі туралы мәліметтер</p>	<p>элемент ата-енесінің кемінде үш буынына қатысты асыл тұқымды жануардың тұқым-тегін көрсетуге арналған:</p> <p>Ата-енесінің 1-буыны: мәліметтер осы кестенің 2, 5, 6, 9, 11-тармақтарға сәйкес көрсетіледі;</p> <p>пробанд арғы ата-енелерінің 2-ші ұрпағы (атасы мен енесі): мәліметтер осы кестенің 2, 5-тармақтарға сәйкес көрсетіледі;</p> <p>пробанда арғы ата-енелерінің 3-ұрпағы (арғы ежелері мен аталары): осы кестенің 2, 5-тармақтарына сәйкес мәліметтер көрсетіледі</p>	1..*
		<p>элемент мынадай өсімін молайтушы туралы ақпаратты көрсетуге арналған:</p> <p>ықтимал мәндері бар құнажынның немесе сиырдың өсімін молайту әдісі:</p> <p>қолмен шағылыстыру (NI);</p> <p>қолдан ұрықтандыру (AI)</p> <p>;</p>	

13. Өсімін молайтушы	асыл тұқымды жануардың өсімін молайтушысы туралы мәліметтер	<p>трансплантация эмбриона (ЕТ);</p> <p>лақап аты;</p> <p>асыл тұқымды жануарларды есепке алу тізіліміндегі тұқымдық бұқаның сәйкестендіру нөмірі;</p> <p>ұрықтандыру күні;</p> <p>осы кестенің 9-тармағына сәйкес тұқымдық бұқаның рецессивті гендері;</p> <p>асыл тұқымды жануарларды есепке алу тізіліміндегі тұқымдық бұқаның ата-енесінің сәйкестендіру нөмірлері;</p> <p>тұқымдық бұқаның енесінің өнімділігінің абсолюттік көрсеткіштері ;</p> <p>тұқымдық бұқаның асыл тұқымдық құндылығының салыстырмалы көрсеткіштері;</p> <p>эмбриондарды ауыстырып салу күні (эмбриондар трансплантталған жағдайында көрсетіледі);</p> <p>эмбрионның ата-енесі туралы ақпарат (эмбриондар трансплантталған жағдайда көрсетіледі):</p> <p>мәліметтер осы кестенің 2, 5, 6, 11- тармақтарына сәйкес көрсетіледі;</p> <p>сипаттамасы бар қосымша жол (жынысы бойынша бөлінген шәуетті ұрықтандыру үшін пайдаланған жағдайда, жолда "Sexed Semen, F (M)" жазбасы көрсетіледі)</p>	1
----------------------	---	---	---

4-кесте

Шошқалардың егжей-тегжейлі сипаттамасы

Элементтің атауы	Элементтің сипаттамасы	Ескертпе	Көпт.
------------------	------------------------	----------	-------

1. Дара нөмірі	асыл тұқымды жануардың дара нөмірі немесе татуировка		1
2. Тұқымның атауы	асыл тұқымды жануардың тұқымы немесе тұқымдық үйлесімі туралы мәліметтер	ауыл шаруашылығы жануары тұқымының кодтық белгілемесі көрсетіледі	1
3. Туған күні	асыл тұқымды жануардың туған күні	туған күні, айы, жылы көрсетіледі	1
4. Жынысы	асыл тұқымды жануардың жынысы	элемент асыл тұқымды жануардың жынысын ықтимал мәндерімен көрсетуге арналған: М – жас еркек шошқа, ерке шошқа; F – ұрғағы шошқа, аналық шошқа	1
5. Сәйкестендіру нөмірі	асыл тұқымды жануарларды есепке алу тізіліміндегі асыл тұқымды жануардың сәйкестендіру нөмірі		1
6. Масса	сату кезіндегі асыл тұқымды жануардың тірідей салмағы	тірі массасы көрсетіледі (кг-мен)	1
7. Туған жері	асыл тұқымды жануардың туған жері туралы мәліметтер	элемент: туған кезде осы жануарға иелік ететін ұйымның толық атауын не жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса); иесінің мекенжайын көрсетуге арналған	1
8. Меншік иесі	асыл тұқымды жануардың меншік иесі туралы мәліметтер	элемент: сату кезінде осы жануарға меншік құқығы бар ұйымның толық атауын не жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса); меншік иесінің мекенжайын көрсетуге арналған	1
		элемент арғы ата-енесінің кемінде үш буынына қатысты асыл тұқымды жануардың тұқым-тегін мынадай мәліметтермен көрсетуге арналған: тұқым;	

9. Жануардың тұқым-тегі	асыл тұқымды жануардың тұқым-тегі туралы мәліметтер	асыл тұқымды жануарларды есепке алу тізіліміндегі сәйкестендіру нөмірі; асыл тұқымдық құндылық индексі (арғы ата-енелерінің (ата-енесінің) 1-ші буыны); өнімділік (арғы ата-енесінің (ата-енесінің) 1-ші буыны үшін): туғаннан бастап тірі массаға дейінгі орташа тәуліктік өсім 100 килограмм (г); енесінің репродуктивтік қасиеттері (торайдың нөмірін көрсете отырып, жануар шыққан ұядағы тірі торайлардың саны, енесінің барлық мәселелері бойынша тірі торайлардың орташа саны)	1..*
10. Өнімділік	тірі массасы 90-110 кг жеткен кездегі өз өнімділігі туралы мәліметтер		1
10.1. Асыл тұқымдық құндылық индексі	асыл тұқымды жануардың асыл тұқымдық құндылығының индексі		1
10.2. Өз өнімділігінің абсолюттік көрсеткіштері	асыл тұқымды жануардың өз өнімділігінің абсолюттік көрсеткіштері	элемент: асыл тұқымдық құндылығын бағалау күніне тірі массасын (кг); желіннің сол және оң жақ жартысындағы функционалды емізгілердің санын; туғаннан бастап тірі массаға дейінгі орташа тәуліктік өсімін 100 кг (г) ; тірі массаға жету жасын кг (күн); майсыз ет құрамын (пайызбен); шпик қалыңдығы 10-11 қабырға деңгейінде (мм-мен);	1

		өз өнімділігін бағалау күнін; рецессивті генетикалық ақауларды (RҮR-тұқымдық еркек шошқалар мен жас еркек шошқалар үшін) көрсетуге арналған
--	--	--

5-кесте

Жылқылардың егжей-тегжейлі сипаттамасы

Элементтің атауы	Элементтің сипаттамасы	Ескертпе	Көпт.
1. Лақап аты	асыл тұқымды жануардың толық лақап аты	болған кезде көрсетіледі	0..1
2. Сәйкестендіру нөмірі	асыл тұқымды жануарларды есепке алу тізіліміндегі асыл тұқымды жануардың сәйкестендіру нөмірі		1
3. Дара нөмірі	асыл тұқымды жануардың дара нөмірі (таңба нөмірі немесе микрочип коды)		1
4. Нөмір	асыл тұқымды жануарлардың мемлекеттік (ұлттық) кітабындағы асыл тұқымды жануардың нөмірі	болған кезде көрсетіледі	0..1
5. Сипаттамасы	жануарлардың денесіндегі белгілердің, таңбалардың графикалық сипаттамасы (блок перфекттілік сурет)		0..1
6. Жынысы	асыл тұқымды жануардың жынысы	элемент асыл тұқымды жануардың жынысын ықтимал мәндерімен көрсетуге арналған: М – айғыр; F – бие	1
		элемент ықтимал мәндері бар асыл тұқымды жануардың түсін көрсетуге арналған: кр. – күрең; жр. – жирен; коң. – қоңыр; сұр. – сұр; қж. – қоңыр күрең;	

7. Түсі	асыл тұқымды жануардың түсі	қар. – жылтыр қара; кк. – қара күрең; ас. – сары жирен; кж. – қоңыр жирен; ср. – сұрғылт; кс. – көкшіл сұр; сж. – сары жирен; шұб. – шұбар; а.ш – алапаш; қ-ала. – қара ала	1
8. Тұқымның атауы	асыл тұқымды жануардың тұқымы және тұқымдылығы туралы мәліметтер	элемент: тұқымның атауын (ауыл шаруашылығы жануары тұқымының кодтық белгілемесі); пайыздық қатынаста тұқымға тиістілікті көрсетуге арналған	1..*
9. Туған күні	асыл тұқымды жануардың туған күні	туған күні, айы, жылы көрсетіледі	1
10. Туған жері	асыл тұқымды жануардың туған жері туралы мәліметтер	элемент: туған кезде осы жануарға иелік ететін ұйымның толық атауын не жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса); иесінің мекенжайын көрсетуге арналған	1
11. Меншік иесі	асыл тұқымды жануардың меншік иесі туралы мәліметтер	элемент: сату кезінде осы жануарға меншік құқығы бар ұйымның толық атауын не жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса); меншік иесінің мекенжайын көрсетуге арналған	1
12. Жануардың тұқым-тегі	асыл тұқымды жануардың тұқым-тегі туралы мәліметтер	элемент арғы ата-енесінің кемінде үш буынына қатысты асыл тұқымды жануардың тұқым-тегін мынадай мәліметтермен көрсетуге арналған: асыл тұқымды жануарлардың мемлекеттік (ұлттық) кітабындағы асыл тұқымды жануардың нөмірі;	1..*

		<p>асыл тұқымды жануарларды есепке алу тізіліміндегі сәйкестендіру нөмірі; лақап аты (болған кезде); түсі; туған жылы; тұқым; бонитирлеу бойынша сынып</p>	
13. Бонитирлеу	асыл тұқымды жануарды бонитирлеу туралы мәліметтер		1
13.1. Күні	бонитирлеуді өткізу күні	күні, айы, жылы көрсетіледі	1
13.2. Өлшемдер	өлшемдер туралы мәліметтер	<p>элемент: биіктігі шашағында (см); кеуде орамын (см); тұяқ орамын (см); дене тұрқының ұзындығын (см); тірілей массасын (кг) көрсетуге арналған</p>	1
13.3. Бағалау	10 балдық шәкіл бойынша бағалау туралы мәліметтер	<p>элемент мынадай параметрлердің 10 балдық шәкілі бойынша бағалауды көрсетуге арналған: шығу тегі; типтілігі; өлшемдері; экстерьер; өнімділік (жұмыс қабілеттілігі); ұрпағының сапасы (бар болса); сүттілік (сүтті өнімділік бағытындағы биелер үшін); кешенді сынып</p>	1
14. Көрмелерге, конкурстарға, жарыстарға қатысу	асыл тұқымды жануардың көрмелерге, конкурстарға, жарыстарға қатысуы туралы мәліметтер	<p>элемент: іс-шараның атауын; іс-шараның күнін; іс-шараның өткізілетін күнін; алынған наградалар (бар болса) туралы мәліметтерді көрсетуге арналған</p>	0..*

Өнімділіктің қылшық жүнді және жартылай қылшық жүнді бағытындағы қойлардың егжей-тегжейлі сипаттамасы

Элементтің атауы	Элементтің сипаттамасы	Ескертпе	Көпт.
1. Сәйкестендіру нөмірі	асыл тұқымды жануарларды есепке алу тізіліміндегі асыл тұқымды жануардың сәйкестендіру нөмірі		1
2. Дара нөмірі	асыл тұқымды жануардың дара нөмірі		1
3. Тұқымның атауы	асыл тұқымды жануардың тұқымы туралы мәліметтер	ауыл шаруашылығы жануарлары тұқымының кодтық белгілемесі көрсетіледі	1
4. Туған күні	асыл тұқымды жануардың туған күні	туған күні, айы, жылы көрсетіледі	1
5. Жынысы	асыл тұқымды жануардың жынысы	элемент асыл тұқымды жануардың жынысын ықтимал мәндерімен көрсетуге арналған: М – кой; F – саулық	1
6. Туған жері	асыл тұқымды жануардың туған жері туралы мәліметтер	элемент: туған кезде осы жануарға иелік ететін ұйымның толық атауын не жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса); иесінің мекенжайын көрсетуге арналған	1
7. Меншік иесі	асыл тұқымды жануардың меншік иесі туралы мәліметтер	элемент: сату кезінде осы жануарға меншік құқығы бар ұйымның толық атауын не жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса); меншік иесінің мекенжайын көрсетуге арналған	1
		элемент негізгі селекцияланатын белгілер туралы мыналарға қатысты ақпаратты көрсетуге арналған: жасы 12 айға (18 айға) дейінгі жануар: жасы (ай);	

8. Селекцияланатын белгілер

асыл тұқымды жануардың негізгі селекцияланатын белгілері туралы мәліметтер

тірі массасы;
құйрығының көлемі (майлы құйрық);
құйрығының (майлы құйрығының) пішімі;
кешенді сынып;
жүн өнімділігінің көрсеткіштері (жуылған (бар болса) және түпнұсқадағы жүн түсімі) ;
5 балдық жүйе бойынша жалпы баға;
жасы 12 ай (18 ай) және одан жоғары жануар:
жануардың типі;
конституция;
экстерьер;
жасы (ай);
тірі массасы;
құйрығының көлемі (1 майлы құйрық);
құйрығының (майлы құйрығының) пішімі;
жүн өнімділігінің көрсеткіштері (жуылған (бар болса) және түпнұсқадағы жүн түсімі, жүннің қыл және мамық талшықтарының ұзындығы, жүннің түсі мен сыныбы); кешенді сынып.
Барлық параметрлер Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 132 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ мүшелер мемлекеттер арасында айырбастауға жататын асыл тұқымды жануарлар мен селекциялық жетістіктер туралы мәліметтер құрамына № 2 қосымшаға сәйкес тізбе бойынша шартты белгілерде және өлшем бірліктерінде көрсетіледі

9. Жануардың тұқым-тегі

асыл тұқымды
жануардың тұқым-тегі
туралы мәліметтер

элемент арғы ата-енесінің кемінде үш буынына қатысты асыл тұқымды жануардың тұқым-тегін көрсетуге арналған:

пробанда арғы ата-енелерінің 1-ші буыны үшін пробанда (ата-ана) мыналар көрсетіледі:

асыл тұқымды жануарларды есепке алу тізіліміндегі сәйкестендіру нөмірі;

тұқым;

ең жоғары тірі массасы кезіндегі жасы (жыл);

жүннің ең жоғары қырку жасы (жыл);

қыл талшықтарының ұзындығы;

мамық талшықтарының ұзындығы;

жүннің түсі;

жүннің сыныбы;

құйрығының көлемі (майлы құйрық);

құйрығының (майлы құйрығының) пішімі;

кешенді сынып;

пробанда арғы ата-енелерінің (аталары мен енелерінің) 2-ші буыны үшін мыналар көрсетіледі:

асыл тұқымды жануарларды есепке алу тізіліміндегі сәйкестендіру нөмірі;

тұқым;

ең жоғары тірі массасы кезіндегі жасы (жыл);

жүннің сыныбы;

кешенді сынып;

пробанда арғы ата-енелерінің (арғы енелері мен арғы аталары) 3-ші буыны үшін мыналар көрсетіледі:

асыл тұқымды жануарларды есепке алу тізіліміндегі сәйкестендіру нөмірі;

1..*

тұқым;
кешенді сынып

7-кесте

Романов тұқымды қойлардың егжей-тегжейлі сипаттамасы

Элементтің атауы	Элементтің сипаттамасы	Ескертпе	Көпт.
1. Сәйкестендіру нөмірі	асыл тұқымды жануарларды есепке алу тізіліміндегі асыл тұқымды жануардың сәйкестендіру нөмірі		1
2. Дара нөмірі	асыл тұқымды жануардың дара нөмірі		1
3. Тұқымның атауы	асыл тұқымды жануардың тұқымы туралы мәліметтер	ауыл шаруашылығы жануарлары тұқымының кодтық белгілемесі көрсетіледі	1
4. Туған күні	асыл тұқымды жануардың туған күні	туған күні, айы, жылы көрсетіледі	1
5. Жынысы	асыл тұқымды жануардың жынысы	элемент асыл тұқымды жануардың жынысын ықтимал мәндерімен көрсетуге арналған: М – кой; F – саулық	1
6. Туған жері	асыл тұқымды жануардың туған жері туралы мәліметтер	элемент: туған кезде осы жануарға иелік ететін ұйымның толық атауын не жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса); иесінің мекенжайын көрсетуге арналған	1
7. Меншік иесі	асыл тұқымды жануардың меншік иесі туралы мәліметтер	элемент: сату кезінде осы жануарға меншік құқығы бар ұйымның толық атауын не жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса); меншік иесінің мекенжайын көрсетуге арналған	1
		элемент негізгі селекцияланатын белгілер туралы мыналарға қатысты ақпаратты көрсетуге арналған:	

<p>8. Селекцияланатын белгілер</p>	<p>асыл тұқымды жануардың негізгі селекцияланатын белгілері туралы мәліметтер</p>	<p>жасы 9 айға дейінгі жануар: туу типі; тірі массасы; қыл талшықтарының ұзындығы; мамық талшықтарының ұзындығы; 5 балдық жүйе бойынша жалпы баға; жасы 9 айдағы және одан асқан жануар: конституция; туу типі; тірі массасы; қыл мен мамықтың арақатынасы; қыл талшықтарының ұзындығы; мамық талшықтарының ұзындығы; қалыңдығы; жүннің қырқылуы бойынша біркелкілігі; ширатылу шамасы; қойшылар тобы; бауыр жүнінің өсуі; кешенді сынып. Барлық параметрлер Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 132 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ мүшелер мемлекеттер арасында айырбастауға жататын асыл тұқымды жануарлар мен селекциялық жетістіктер туралы мәліметтер құрамына № 2 қосымшаға сәйкес тізбе бойынша шартты белгілерде және өлшем бірліктерінде көрсетіледі</p>	<p>1</p>
		<p>элемент арғы ата-енелерінің кемінде үш буынына қатысты асыл тұқымды жануардың тұқым-тегін көрсетуге арналған:</p>	

<p>9. Жануардың тұқым-тегі</p>	<p>асыл тұқымды жануардың тұқым-тегі туралы мәліметтер</p>	<p>пробанда арғы ата-енелерінің (ата-енелерінің) 1-ші буыны үшін мыналар көрсетіледі: асыл тұқымды жануарларды есепке алу тізіліміндегі сәйкестендіру нөмірі; тұқым; конституция; туу типі; ең жоғары тірі массасы кезіндегі жасы (жыл); қыл мен мамықтың арақатынасы; қыл талшықтарының ұзындығы; мамық талшықтарының ұзындығы; жүннің қырқылуы бойынша біркелкілігі; қойшылар тобы; кешенді сынып; пробанда арғы ата-енелерінің (аталары мен енелерінің) 2-ші буыны үшін: асыл тұқымды жануарларды есепке алу тізіліміндегі сәйкестендіру нөмірі; тұқым; конституция; туу типі; ең жоғары тірі массасы кезіндегі жасы (жыл); кешенді сынып; пробанда арғы ата-енелерінің (арғы енелері мен арғы аталары) 3-ші буыны үшін мыналар көрсетіледі: асыл тұқымды жануарларды есепке алу тізіліміндегі сәйкестендіру нөмірі; тұқым; кешенді сынып</p>	<p>1..*</p>
--------------------------------	--	---	-------------

8-кесте

Өнімділіктің елтірі бағытындағы қойлардың егжей-тегжейлі сипаттамасы

Элементтің атауы	Элементтің сипаттамасы	Ескертпе	Көпт.
1. Сәйкестендіру нөмірі	асыл тұқымды жануарларды есепке алу тізіліміндегі асыл тұқымды жануардың сәйкестендіру нөмірі		1
2. Дара нөмірі	асыл тұқымды жануардың дара нөмірі		1
3. Тұқымның атауы	асыл тұқымды жануардың тұқымы туралы мәліметтер	ауыл шаруашылығы жануарлары тұқымының кодтық белгілемесі көрсетіледі	1
4. Туған күні	асыл тұқымды жануардың туған күні	туған күні, айы, жылы көрсетіледі	1
